

Білім беру саласы: «Кешенді» («Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет»)

Бөлімі – таңдау пәні (вариативтік)

Тақырыбы: Жыртқыш аңдар: Арыстан

Ұйымдастырылған оқу қызметінің мақсаты:

- адамға үй жануарларынан қауіп төндіретін аңдарды еске түсіру;
- үш тілде қайталап, буындағы дауысты дыбыстарды анықтайды;
- үй жануарларының қайсысымен арыстанның дене бөліктерін салыстырады;
- арыстанның қандай қимылын суретші бейнелегендігін нақтылайды;
- берілген қарындаштың артығы қайсысы екендігін анықтап, суретті бояйды;
- боялған суретті салыстырады. Бағалайды.

Пәнаралық байланыс:

танымдық (*жаратылыстану, математика*)
шығармашылық (*бейнелеу*)
коммуникациялық (*сөйлеуді дамыту: қазақ, орыс, ағылшын тілдер*)
әлеумет (*қоршаған ортамен таныстыру*)


Білім алушы игеретін білік-дағды:

- жыртқыш аңдардың қандай аңдар екенін біледі;
- үш тілде қайталап (арыстан) өзіндегі дауысты дыбыстарды анықтайды;
- үй жануарлары мен жыртқыш аңдар дене бөлігінің салыстырып, тұжырым, жасайды;
- суретші бейнелеген арыстан дене қимылын өзі жасап көріп, нақтылайды;
- қайсы қарындаш керек емес неге екенін анықтайды;
- салыстыру, бағалау дағдысын игереді.

ҰОҚ-ның ЖОСПАРЫ¹:

1. Тақырып мазмұнын ашу (топпен жұмыс) (5 мин.)
2. Тапсырма орындау (топтық және өздік жұмыс) (3 мин. топтық, 3+3+8+4 мин. өздік)
3. Қорытынды рефлексия (жұптық және жеке жұмыс) (4 мин. жұптық)

1. Тақырып мазмұнын ашу (топпен жұмыс)



¹ Ескерту: ҰОҚ - ұйымдастырылған оқу қызметі мектеп жағдайда сабақ болып ауыстырылады.

Топқа сұрақ:

Дидактикалық ойын «Бұл не?». (суреттермен жұмыс)

Жыртқыш аңдар – адамға қауіп төндіретін аңдар. Бұл аңды сендер білесіңдер ме?



Қандай аң деп ойлайсыңдар... (коммуникациялық дағды қалыптасады)

ЖЫРТҚЫШ АҢДАР – АРЫСТАН




(кітапшамен жұмыс)

1. Полилингвалдық компонент: үш тілде айтамыз, қайталаймыз (коммуникациялық дағды қалыптастыру).

2. Кітаптағы буынға бөлініп жазылған аң атауы: қанша буынан, қанша әріп, қанша дыбыстан тұратынын айтамыз, санды жазамыз (танымдық дағды).



3. Қайсысымен салыстыруға болады? Қандай ерекшелігі бар? Ұқсастығы қандай?

Өздік жұмыс



4. Суретті қандай арыстанды бейнелеген, сен қалай ойлайсың?

5. Керек емес қарындашты (X) белгіле. Тапсырманы орында (қай түстен бастап бояйтындығын есінде ұста).



6. Салыстыр. Бағалау. (жеке және жұппен жұмыс)



Тапсырманың орындалу деңгейіне қарай бояймыз.